

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 106 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 мамырда № 4106 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № 309 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 13.11.2017 № 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Кентау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 437 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3850 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 1 қазанда "Кентау шұғыласы" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі орынбасары Р.Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Кентау қаласының әкімі

Ә.Мақұлбаев

Кентау қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 26 сәуірдегі
№ 106 қаулысына 1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Қала атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
			Республикалық бюджет есебінен	Жергілікті бюджет есебінен
1	Кентау қаласы	4158	2525	1633

Кентау қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 26 сәуірдегі
№ 106 қаулысына 2 қосымша

Жан басына шаққандағы қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге	
Бөбекжай-балабақша	Мектеп жанындағы шағын орталық
20544,15	16826
Ғимаратты жалға алып отырған бөбекжай-балабақшалар үшін	
22685,14	

Кентау қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 26 сәуірдегі
№ 106 қаулысына 3 қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	3 жасқа дейінгі күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)	3-7 жас аралығындағы күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
	291,00	357,00

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.